

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Диссертациялық кеңес туралы ережесі**

**Бекітілді
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Ректоры
Ғ.М.Мұтанов
«18» қаңтар 2019ж.**

Өзгеріс енгізілді «11» желтоқсан 2019 ж. (бұйырық №634),
«25» мамыр 2020 ж. (бұйырық №200)

Көшір месі	Коды	Басылым	Әзірлеген	Келісілді	Келісілді
	П ҚазҰУ		Ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау басқармасының басшысы Құдайбергенова Р.Е.	Ғылым және инновациялық қызмет жөніндегі департамент директоры Мухамбетжанов С.К. Құқықтық жұмыс басқармасының басшысы Құрманалиев Б.О.	Ғылыми- инновациялық жұмыс жөніндегі проректор Рамазанов Т.С.

Алматы, 2019

	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ		
	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің диссертациялық кеңес туралы ЕРЕЖЕСІ	2019 жыл	бет. 2 из 20

1 тарау. Жалпы ережелер

1.1. әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің (әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) диссертациялық кеңесі туралы ереже Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 126 бұйрығымен бекітілген Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережеге және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығымен бекітілген Дәрежелерді беру қағидасына (бұдан әрі - Дәрежелерді беру қағидасы) сәйкес әзірленді.

1.2. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ диссертациялық кеңесі - докторанттардың диссертациялық жұмыстарын қорғайтын және философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беретін алқалы орган.

1.3. Диссертациялық кеңес:

- ұсынылған диссертациялардың Дәрежелерді беру қағидаларында белгіленген критерийлерге сәйкестігін анықтайды;
- философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін береді;
- осы Ережеде айтылған тәртіпте өз қызметі туралы есеп береді және талдау жүргізеді;
- осы Ережеде белгіленген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

1.4. Диссертациялық кеңес диссертацияларды қорғау бойынша қабылданатын шешімдердің сапасына, объективтілігіне және негізділігіне жауапты.

2 тарау. Диссертациялық кеңестердің қызметін ұйымдастыру

2.1. Диссертациялық кеңестерді әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де мемлекеттік білім беру тапсырысы бар докторантура мамандықтары бойынша 3 (үш) күнтізбелік жылға университет дербес құрады.

2.2. Диссертациялық кеңестің құрамына ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар кемінде 6 (алты) (әрбір мамандық бойынша кемінде 3 (үш) адам кіреді, олардың ішінен кемінде жартысы басқа ЖОО-ның, ғылыми ұйымдардың және (немесе) басқа да ұйымдардың өкілдері болып табылады.

2.3. Диссертациялық кеңестің құрамына:

- университет ректоры;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қызметкерлері;
- Қазақстан Республикасында немесе одан тыс жерлерде қорғалған, соңғы 5 (бес) жыл ішінде теріс шешім алған диссертация бойынша ғылыми кеңесші, жетекші болған мамандар»;

2.4. Диссертациялық кеңес құрамында кеңес мүшелерінің бірі шетелдік ғалым болып табылады. Шетелдік ғалым ғылыми дәрежесі немесе оған

	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ		
	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің диссертациялық кеңес туралы ЕРЕЖЕСІ	2019 жыл	бет. 3 из 20

теңестірілген қауымдастырылған профессор (доцент)/профессор ғылыми атағы болуы, зерттеулердің осы саласындағы ғылыми зерттеулермен белсенді айналысуы және соңғы 5 жылда Clarivate Analytics (Web of Science Core Collection) ақпараттық компаниясының деректер базасында нөлдік емес импакт-факторы бар журналдарда кемінде 5 жарияланым және жаратылыстану-ғылыми бейіндегі диссертациялық кеңестер үшін Хирша индексі кемінде 5 жарияланым болуы және соңғы 5 жылда Clarivate Analytics (Web of Science Core Collection) ақпараттық компаниясының деректер базасында және/немесе Scopus және Хирша индексі әлеуметтік-гуманитарлық бейіндегі диссертациялық кеңестер үшін 1-ден кем емес болуы тиіс.

2.5. Диссертациялық Кеңес мүшелерінің біліктілігі диссертациялық кеңесте ұсынылатын мамандықтар бойынша ғылыми жарияланымдармен расталуы тиіс: әдетте, Clarivate Analytics (Web of Science Core Collection) және Scopus деректер базасына кіретін нөлдік емес импакт - факторы бар рецензияланатын Халықаралық ғылыми журналдарда соңғы 5 жылда кемінде 5 жарияланым және дәйексөз индексі (Хирша индексі) жаратылыстану-ғылыми бейіндегі мамандар үшін кемінде 2 және Scopus деректер базасына кіретін рецензияланатын халықаралық ғылыми журналдарда кемінде 5 жарияланым Clarivate Analytics (Web of Science Core Collection) және/немесе дәйексөзділік индексі (Хирша индексі) әлеуметтік-гуманитарлық бейіндегі мамандар үшін 1-ден кем емес болуы тиіс.

2.6. Диссертациялық кеңестің құрамы, сондай-ақ құрамына енгізілетін өзгерістер университеттің Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде ректордың бұйрығымен бекітіледі.

2.7. Диссертациялық кеңес төрағасы:

- диссертациялық кеңестің қызметіне жалпы басшылық жасайды;
- кеңес отырысын өткізеді;
- диссертациялық жұмысты қорғауға қабылдауды жүзеге асырады, қорғау мерзімін анықтайды;
- белгіленген талаптарға сәйкес диссертацияны қорғауды жүргізу құқығының сақталуын қамтамасыз етеді;
- диссертациялық кеңестің қызметі мен жұмысын ұйымдастыруға жауапты.

2.8. Диссертациялық кеңес төрағасының орынбасары:

- егер кеңес төрағасы қорғалатын диссертация бойынша ғылыми кеңесші болған жағдайда, сондай-ақ диссертациялық кеңес төрағасы болмаған жағдайда кеңес отырысын өткізу жөніндегі диссертациялық кеңес төрағасының функцияларын орындайды.

2.9. Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы:

- докторант ұсынған құжаттардың белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеру;
- диссертацияны қорғағаннан кейін докторанттың аттестациялық ісін қалыптастыру;

	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ		
	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің диссертациялық кеңес туралы ЕРЕЖЕСІ	2019 жыл	бет. 4 из 20

- ғылыми кеңес отырыстарындағы кворум;
 - диссертациялық кеңес отырыстарын өткізу үшін қажетті құжаттарды дайындау;
 - философия докторы (PhD) дәрежесін беру (беруден бас тарту) бойынша диссертациялық кеңес қабылдаған шешімдер туралы тоқсан сайынғы есепті және диссертациялық кеңестің күнтізбелік жылдағы жұмысы туралы есепті дайындау;
 - қорғау рәсімін бақылау;
 - диссертациялық кеңестің техникалық жабдықталуын ұйымдастыру;
 - докторанттардың ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау басқармасына (бұдан әрі - ҒКДАБ) құжаттар мен материалдарды уақтылы ұсыну жұмыстарын қамтамасыз етеді.
- 2.10. Диссертациялық кеңес құрылғаны туралы ақпарат ректор бұйрығы шығарылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде университеттің веб-сайтында орналастырылады.
- 2.11. Университет плагиатқа тексеруге арналған компьютерлік бағдарламасы бар болуын қамтамасыз етеді.

3 тарау. Диссертациялық кеңестің функциялары

3.1. Диссертациялық кеңестің функциялары:

- диссертацияны қорғауға құжаттарды қабылдау;
- диссертациялық жұмыс бойынша қорғау мерзімін және ресми рецензенттерді тағайындау;
- диссертациялық кеңестің құрамынан докторанттың авторы мен дереккөзіне сілтеме жасалмаған бөтен материалды пайдаланғанын (плагиат) тексеру үшін комиссия (бұдан әрі - Диссертациялық кеңестің комиссиясы) құрады;
- диссертация бойынша тәуелсіз сарапшыларды тағайындау;
- докторлық диссертацияны ашық түрде қорғауын өткізу;
- диссертациялық жұмысты қорғаудан алып тастау;
- осы Ережемен белгіленген басқа да функциялар.

3.2. Диссертациялық кеңестің мүшелері:

- объективті, толық және дәйекті мәліметтерді ұсынады;
- диссертацияға қатысты деректерді жасыруға жол бермейді;
- ғылыми этиканың бұзылу фактілеріне ден қояды;
- шешім қабылдағанда қоғамдық пікірдің, бір тараптың немесе үшінші тараптың әсеріне тәуелді болмайды;
- мүдделер қақтығысының алдын алу және реттеу бойынша шаралар қабылдайды;
- қызмет бабында кеңестің басқа мүшелерінің, докторанттардың, ғылыми кеңесшілер мен ресми рецензенттердің ары мен абыройына нұқсан келтіретін дерекі, қорлайтын сөздерді, айыптауларды пайдаланбайды.

	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ		
	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің диссертациялық кеңес туралы ЕРЕЖЕСІ	2019 жыл	бет. 5 из 20

Осы тармақта көрсетілген талаптардың орындалмау фактілері анықталған жағдайда диссертациялық кеңестің мүшесі оның құрамынан шығарылады.

3.3. Күнтізбелік жыл аяқталған соң диссертациялық кеңес осы Үлгі ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Комитетке диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп береді.

3.4. Осы Үлгі ережеде белгіленген талаптарды диссертациялық кеңес 3 (үш) реттен көп бұзатын жағдайда диссертациялық кеңестің төрағасы, төрағаның орынбасары және ғалым хатшысы ауыстырылады.

3.5. Диссертациялық жұмысты қорғауға докторантураның білім беру бағдарламаларын толық меңгерген және Дәрежелерді беру қағидаларының 5, 6, 7 тармақтары талаптарына сәйкес орындалған диссертациялық жұмыстарды ұсынған докторанттар жіберіледі.

3.6. Ғылыми жарияланымдарды Дәрежелерді беру қағидаларының 6-тармағының сәйкестігіне тексеру үшін докторант келесі құжаттарды ҒКДАБ-не тапсырады:

- Web of Science (Clarivate Analytics) мәліметтер базасында журналдарда импакт-факторлардың бар болуын растаумен электронды және басып шығарылған ғылыми еңбектердің тізімі және/немесе Scopus журналдарды индекстеу;

- докторант оқыған жоғары оқу орнынан, диссертацияның тақырыбын және ғылыми кеңесшілерді бекіту туралы, диссертацияны қорғауға жіберу туралы бұйрықтарының көшірмелері;

- докторантураның кәсіптік оқу бағдарламасын меңгергені туралы оқу орны бойынша расталған транскриптің көшірмесі;

- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы дипломдардың қосымшаларымен көшірмелері.

3.7. Кафедраның және (немесе) ЖОО-ның құрылымдық бөлімшесінің кеңейтілген отырысы докторант оқыған ЖОО-да өткізіледі. Бірлескен дайындық бағдарламасы аясында білім алған «Ғылым ордасы» ҒЗИ докторанттары профильді кафедра мен институттың біріккен отырысында талқылаудан өтеді. Сонымен қатар, оқу бітіргеннен кейін 3 жыл өткен соң диссертацияны ақылы түрде қорғау үшін диссертациялық зерттеудің ғылыми негіздемесі (research proposal) қайта бекітілгеннен кейін ғана кафедраның кеңейтілген / бірлескен отырысында қарастырылуға және кейіннен қорғауға рұқсат етіледі.»;

3.8. Кафедраның кеңейтілген отырысы өткізілгенге дейін 1 (бір) ай бұрын отырыс төрағасы университет қызметкерлерінің ішінен сын пікір берушілерді (ғылыми дәрежесі (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор ғылыми зерттеулер саласындағы доктор дәрежесі бар кемінде 2 (екі) маманды тағайындайды және

	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ		
	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің диссертациялық кеңес туралы ЕРЕЖЕСІ	2019 жыл	бет. 6 из 20

диссертацияның мазмұнын зерделеу және жарияланым үшін диссертацияны жолдайды. Сын пікір берушілер сын пікірді жазбаша түрде ұсынады. Бұл сын пікір келесі тармақтарды қамтуы тиіс: зерттеу тақырыбының өзектілігі, ғылыми нәтижелері, олардың негізділігі мен жаңалығы, ғылыми нәтижелердің тәжірибелік және теориялық маңыздылығы, олардың нақтылық дәрежесі, докторанттың ғылыми нәтижелерді алуға жеке қатысуы, қорғауға шығарылатын ережелердің дәлелденуі, диссертация материалдарының баспасөзде жариялануының толықтығы, ескертулер мен ұсыныстар. Сын пікір докторантқа кафедра отырысына дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей беріледі.

3.9. Кеңейтілген отырысқа кафедра және (немесе) құрылымдық бөлімше мүшелерінің кемінде 2/3 (үштен екісі), ғылыми кеңесшілер, сондай-ақ аралас (мәндес) кафедралардың және (немесе) ЖОО құрылымдық бөлімшелерінің, ғылыми және басқа да ұйымдардың өкілдері қатысады.

Кеңесшілер болмаған жағдайда докторанттың диссертациясы бойынша пікірлерін кафедра немесе ЖОО-ның құрылымдық бөлімшесінің басшысы отырыста оқиды.

3.10. Диссертацияны орындау орны бойынша кафедра отырысында талқылау келесілерді қамтиды:

- кафедра отырысы төрағасының сөз сөйлеуі (диссертациялық зерттеу тақырыбының бекітілген күнін және ғылыми кеңесшілерді, докторантура бағдарламасы шеңберінде ғылыми тағылымдаманың мерзімі мен орнын, диссертация материалдарының баспасөзде жариялануының толықтығын баяндайды);

- докторанттың сөз сөйлеуі;

- кафедра отырысына қатысушылардың сұрақтары - докторанттың жауаптары;

- ғылыми кеңесшінің сөз сөйлеуі, шетелдік кеңесші болмаған жағдайда оның пікірін жариялау;

- сын пікір берушілердің сөзі;

- сын пікір берушілердің ескертулеріне докторанттың жауаптары және олардың ескертулері мен ұсыныстары бойынша қорытындылар;

- кафедра отырысына қатысушылардың пікірталасы;

- қорытындыны қабылдау ашық дауыс беру арқылы, жай көпшілік дауыспен жүзеге асырылады.

3.11. Профильді кафедра және (немесе) ҚазҰУ құрылымдық бөлімшесінің отырысында диссертацияны талқылау рәсімі және басқа жоғары оқу орындарының докторанттары міндетті түрде алдын ала сараптамадан өтеді. Бұл ретте басқа жоғары оқу орындарының докторанттары диссертацияны қорғауға 4 академиялық кредит көлемінде ақы төлейді.

3.12. Диссертация бойынша қорғауға ұсыным немесе қорғауға ұсыным жоқ туралы қорытынды кафедраның және (немесе) құрылымдық бөлімшенің кеңейтілген отырысының хаттамасынан көшірме түрінде ресімделеді, отырыс

	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ		
	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің диссертациялық кеңес туралы ЕРЕЖЕСІ	2019 жыл	бет. 7 из 20

төрағасы қол қояды, ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау басқармасының бастығы куәландырады және жетекшілік ететін проректор бекітеді. Қорытындыда: зерттеу тақырыбының өзектілігі, ғылыми нәтижелері, олардың негізділігі мен жаңалығы, ғылыми нәтижелердің тәжірибелік және теориялық маңыздылығы, олардың нақтылық дәрежесі, докторанттың ғылыми нәтижелерді алуға жеке қатысуы, қорғауға шығарылатын ережелердің дәлелденуі, Дәрежелерді беру қағидаларының 6 тармағының талаптарына сәйкес диссертация материалдарының баспасөзде жариялануының толықтығы, ескертулер мен ұсыныстар, қорғауға ұсыным немесе қорғауға ұсыным жоқ туралы қорытынды болуы тиіс.

3.13. Кафедраның және (немесе) құрылымдық бөлімшенің кеңейтілген отырысының оң шешімін алғаннан кейін докторант ЖОО ректорына қай диссертациялық кеңесте қорғауды таңдау туралы өтініш береді. Егер докторант басқа ЖОО-ны диссертациялық кеңес таңдаған жағдайда докторант осы диссертациялық кеңестің талаптарына сәйкес құжаттар пакетін қалыптастырады, 10 (он) жұмыс күні ішінде университеттің бланкісінде шығарылған жетекшілік проректордың қолымен іліспе хатпен диссертациялық кеңеске жолдайды.

3.14. ҚазҰУ диссертациялық кеңеске мынадай құжаттар тапсырылады:

- берік түптелген диссертация, 3 дана және электронды тасымалдағыштағы (CD-дискте);

- көлемі кемінде 1 (бір) баспа табақ мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде аннотация;

- консультанттың жұмыс орнымен расталған отандық және шетелдік ғылыми консультанттардың пікірлері. Шетелдік консультанттың пікірдің аудармасы нотариалды түрде расталуы керек. Мемлекеттік құпияларды қамтитын диссертациялар үшін отандық консультанттың пікірі;

- жетекшілік ететін проректормен бекітілген, оң қорытындысы және қорғауға ұсынымы бар, диссертация орындалған бейінді кафедраның және (немесе) құрылымдық бөлімшенің кеңейтілген отырысының хаттамасы;

- докторант оқыған құрылымдық бөлімшенің ғылыми хатшысымен куәландырылған ғылыми еңбектерінің тізімі және олардың көшірмелері;

- докторант оқыған жоғары оқу орнының этикалық комиссиясының зерттеу объектілерінің (тірі табиғат объектілері мен мекендеу ортасының) құқықтарын, қауіпсіздігі мен салауаттылығын қорғауды қоса алғанда, ғылыми зерттеулер нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесінде бұзушылықтардың жоқтығы туралы қорытындысы;

Диссертация қазақ немесе орыс немесе ағылшын тілдерінің бірінде ұсынылады.

Осы тармақта көрсетілген құжаттарды тіркеуді диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы іске асырады және кемінде 2 (екі) жұмыс күні мерзімінде диссертациялық кеңеске ұсынады.

	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ		
	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің диссертациялық кеңес туралы ЕРЕЖЕСІ	2019 жыл	бет. 8 из 20

3.15. Диссертациялық кеңестің төрағасы диссертациямен танысуға және сараптамалық қорытындысын дайындауға диссертациялық кеңестің құрамынан екі тәуелсіз сарапшысын тағайындайды. Әрбір сарапшы жеке сараптамалық қорытындысын дайындайды және оны тағайындалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде диссертациялық кеңеске жібереді. Сараптамалық қорытындысында келесі тармақтар болуы керек:

- докторант оқыған мамандық пен диссертацияның тақырыбының сәйкестігі;

- диссертацияның Дәрежелерді беру қағидаларының 5, 6, 7-тармақтарына сәйкестігі.

Сарапшылар диссертацияны және диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері жарияланған докторанттың жарияланымдар міндетті тәртіппен плагиат тексеру бағдарламасы арқылы авторы мен дереккөзіне сілтеме жасалмаған бөтен материалды пайдаланғанын тексереді.

Диссертациялық кеңес сарапшыларының қорытынды негізінде, диссертациялық кеңес өз отырысында диссертацияны қорғауға жіберу немесе қабылдаудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Егер докторантқа диссертация мәтінінде заңсыз көшіріп алудың болуына байланысты диссертацияны қорғауға қабылдаудан бас тартылса, диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы докторантқа диссертацияны қорғауға қабылдаудан бас тарту туралы дәлелді қорытынды жібереді.

Қажет болған жағдайда диссертациялық кеңестің төрағасы диссертациялық кеңестің құрамына кірмейтін тәуелсіз, оның ішінде сыртқы ұйымдарынан мамандарын сарапшыларды тағайындай алады.

3.16. Құжаттар қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей диссертациялық кеңес диссертацияны қорғау күнін белгілейді және ғылыми дәрежесі (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе академиялық дәрежесі (философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар және докторанттың зерттеу саласы бойынша кемінде 5 (бес) ғылыми мақаласы бар екі ресми рецензентті тағайындайды. Диссертацияның қорғау күні диссертацияның қорғау күнін белгілеу күнінен 3 (үш) айдан аспауы тиіс. Қорғау күнін белгілеу кезінде докторанттар құжаттарының түсу кезегі сақталады.

3.17. Диссертациялық кеңес ресми рецензенттердің, ғылыми консультанттардың бір-біріне тәуелсіз ұстанымдарын басшылыққа алады.

Мыналар:

- білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің қызметкерлері;
- докторанттың диссертация тақырыбы бойынша жарияланған жұмыстарының тең авторлары;

- диссертация орындалған және (немесе) докторант тапсырыс беруші немесе орындаушы (бірлесіп орындаушы) болып табылатын ғылыми-зерттеу

	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ		
	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің диссертациялық кеңес туралы ЕРЕЖЕСІ	2019 жыл	бет. 9 из 20

жұмыстары жүргізілген ЖОО-ның және ғылыми ұйым бөлімшелерінің басшылары және қызметкерлері ресми рецензент бола алмайды.

3.18. ҒҚДАБ университеттің интернет-ресурсында докторанттардың қорғауы және кеңестің қызметі туралы келесі материалдарды (мемлекеттік құпиялары бар материалдар мен диссертациялардан немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерден басқа) орналастырады:

- мекен-жайы, күні мен уақыты көрсетілген алдағы қорғау туралы хабарлама (белгіленген қорғау күнінен 1 (бір) ай бұрын);

- диссертация (белгіленген қорғау күнінен 1 (бір) ай бұрын, қорғаудан кейін кемінде 5 (бес) ай ішінде қолжетімді);

- көлемі кемінде 1 (бір) баспа табақ мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде аннотация (белгіленген қорғау күнінен 1 (бір) ай бұрын);

- докторант жарияланымдарының тізімі (белгіленген қорғау күнінен 1 (бір) ай бұрын);

- қорғаудан кейін 5 (бес) ай ішінде қолжетімді ғылыми консультанттардың пікірлері (белгіленген қорғау күнінен 1 (бір) ай бұрын);

- ресми рецензенттердің пікірлері (белгіленген қорғау күнінен 15 (он бес) жұмыс күні бұрын);

- қорғаудың бейнежазбасы толық көлемде, монтажға жол берілмейді (қорғаудан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және қорғаудан кейін 5 (бес) ай бойы қолжетімді);

- диссертациялық кеңестің шешімі қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы ақпарат;

- философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы диссертациялық кеңестің қорытындысы (қорғаудан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және қорғаудан кейін кемінде 5 (ай) ішінде қолжетімді);

- апелляциялық комиссияның шешімі (болған жағдайда, шешім қабылдағаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және шешім қабылдағаннан кейін кемінде 5 (ай) ішінде қолжетімді);

- осы Үлгі ережеге 1-қосымшаға сәйкес диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп (күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады);

- осы Үлгі ережеге 2-қосымшаға сәйкес диссертациялық кеңестердің философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру (бас тарту) жөніндегі шешімдері туралы тоқсандық есебін (ерекше мәртебесі бар ЖОО-лар жанындағы диссертациялық кеңестері үшін). Тоқсандық есеп тоқсан аяқталғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және диссертациялық кеңестің қызметі мерзімінде қолжетімді;

- философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі жөніндегі дипломды беру тәртібі;

- қорғаулар өткізу күнінің, уақытының, орнының өзгеруі және ресми

	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ		
	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің диссертациялық кеңес туралы ЕРЕЖЕСІ	2019 жыл	бет. 10 из 20

рецензенттердің ауысуы туралы хабарландыру (болған жағдайда);

- диссертациялық кеңестің құрамы және диссертациялық кеңес қызметінің тәртібі туралы ақпарат;

- қолдану мерзімдерін көрсете отырып мәтінді пайдалануды анықтаудың лицензиялық жүйелері, оның ішінде халықаралық деректер базалары бойынша, бар болуы туралы ақпарат.

3.19. Диссертация университеттің интернет-ресурсында орналастырылған жағдайда, авторлық құқықтарды қорғау қамтамасыз етіледі, диссертация материалдарын заңсыз көшіруден және одан әрі пайдаланудан қорғау технологиялары қолданылады. Диссертацияны университеттің интернет-ресурсында орналастырылғаннан кейін диссертация мәтініне өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

Университеттің интернет-ресурсында диссертация мазмұны бойынша бейресми пікірлерді орналастыру мүмкіндігі қамтамасыз етіледі, кейін олар қорғауда ұсынылады. Авторын белгілеу мүмкін емес және автордың электрондық поштасы көрсетілмеген бейресми пікірлер қорғауда ұсынылмайды.

3.20. Қорғауға қабылданғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде диссертациялық кеңес докторанттың отандық және халықаралық деректер базасы бойынша плагиатты пайдалануын тексеру үшін диссертацияны "мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама ұлттық орталығы" акционерлік қоғамына (бұдан әрі – ҰМҒТСО) жібереді. Бастапқы бет және пайдаланылған әдебиеттер тізімі плагиатқа тексерілмейді.

3.21. Диссертацияның қағаз және электронды тасымалдағыштағы данасы ЖОО-ның кітапханасына беріледі. Қорғағаннан кейін 7 (жеті) жұмыс күні ішінде диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы диссертацияның электронды тасымалдағыштағы даналарын Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасына және Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасына береді (мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын диссертациялардан басқа).

3.22. Ресми рецензенттер диссертацияны және жарияланған жұмыстарды зерделеу негізінде диссертациялық кеңеске жазбаша пікірін ұсынады, онда ("Ғылым туралы" Заңның 18-бабының [3-тармағына](#) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын) ғылымның даму бағыттарына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі, таңдалған тақырыптың өзектілігі, ғылыми жаңашылдық, өзі жазу, дәйектілік, ішкі бірлік, практикалық құндылық, академиялық адалдық принциптеріне сәйкестігі бағаланады, сондай-ақ тиісті мамандық бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды беріледі.

Ресми рецензенттер пікірлерінің көшірмелері докторантқа диссертация қорғауға дейін кемінде 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ		
	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің диссертациялық кеңес туралы ЕРЕЖЕСІ	2019 жыл	бет. 11 из 20

Пікір осы тармақтың талаптарына сәйкес келмесе, диссертациялық кеңес пікірді кемінде 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірілмей ресми рецензентке қосымша қарау үшін қайтарады немесе ресми рецензентті ауыстырады.

Ресми рецензенттер, сондай-ақ жазбаша түрде бас тартқан немесе рецензиялауға мүмкіндік болмаған жағдайда ауыстырылады. Егер ресми рецензентті ауыстыру туралы шешім 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктіріліп қабылданса, қорғау күні ауыстырылады.

3.23. ҰМҒТСО анықтамасында, ресми рецензенттер және ЖОО-ның интернет-ресурсындағы бейресми пікірлерінде плагиат фактілері көрсетілген жағдайда Диссертациялық кеңестің комиссиясы диссертацияны плагиатқа тексереді. Тексеру туралы қорытынды диссертациялық кеңеске диссертация қорғауына 8 (сегіз) жұмыс күні қалғанға дейін беріледі.

3.24. Осы Ереженің 3.23-тармағында диссертацияны докторанттың авторы мен дереккөзіне сілтеме жасалмаған бөтен материалды пайдаланғанын тексеру үшін көрсетілген жағдайларда диссертациялық кеңестің Комиссиясы диссертациялық кеңестің мүшелерінің санынан 3 (үш) адамнан аспайтын мөлшерде құрылады. Комиссияның құрамына осы диссертацияның бойынша тәуелсіз сарапшылар, докторанттың ғылыми басшысы кіре алмайды.

3.25. Диссертациялық кеңестің Комиссиясының қорытындысы негізінде диссертациялық кеңес докторантты қорғауға жібереді немесе диссертацияны қорғаудан алып тастайды. Қабылданған шешім туралы диссертациялық кеңес докторантқа 2 (екі) жұмыс күні ішінде хабарлайды және тиісті ақпарат ЖОО-ның интернет-ресурсында орналастырылады (мемлекеттік құпиялары бар немесе қызметтік бапта пайдалану үшін диссертациялардан қорғалған жағдайдан басқа).

Докторант диссертациясын қорғауға дейін 7 (жеті) күннен кешіктірмей қорғаудан алып тастауға мүмкіндігі бар.

3.26. Диссертациялық кеңестің төрағасы, төраға орынбасары және ғалым хатшысы докторанттың ғылыми кеңесшілері болып табылған жағдайда олар диссертацияны қарастыру кезінде диссертациялық кеңестің отырысында өз міндеттерін орындай алмайды. Диссертациялық кеңес төрағасының міндеттерін орындау диссертациялық кеңестің шешімімен төраға орынбасарына, төраға орынбасары мен ғалым хатшының міндеттерін орындау мүшелеріне жүктеледі.

Төраға, төраға орынбасары мен ғалым хатшы бір мезгілде болмаған жағдайда диссертациялық кеңестің отырысы өткізілмейді.

Диссертациялық кеңес диссертация қорғалуының бейнежазбаға түсірілуін толық көлемде қамтамасыз етеді, монтажға жол берілмейді.

3.27. Диссертациялық кеңестің отырысы егер оның жұмысына мүшелерінің кемінде 2/3-і (үштен екісі), диссертациялық кеңестің мүшелерінен отырысқа әр мамандық (кадрларды даярлау бағыты) бойынша кемінде 3 (үш) маман міндетті түрде қатысқан жағдайда заңды болып саналады.

	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ		
	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің диссертациялық кеңес туралы ЕРЕЖЕСІ	2019 жыл	бет. 12 из 20

Диссертациялық кеңес мүшелеріне (1/3-інен аспайтын) диссертацияны қорғауды өткізу отырысына on-line режимінде бейне-конференция нысанында қатысқаны да саналады.

3.28. Диссертацияны қорғау бойынша диссертациялық кеңес отырысы келесіден тұрады:

- төрағаның кворум, отырыстың заңдылыққа сәйкес өткізілуі туралы кіріспе сөзі, ізденуші, мамандығы, диссертация тақырыбы, ғылыми консультанттарды және ресми рецензенттер таныстыру;

- ғылыми хатшының докторанттың жеке ісіндегі құжаттар тізімін жариялау және диссертациялық кеңестің қарауына ұсынылған құжаттардың белгіленген талаптарға сәйкестігі сөзі;

- докторанттың сөзі (диссертацияның негізгі мазмұнын және негізгі қағидалар ұсынады);

- отырысына қатысушылардың сұрақтары - докторанттың жауаптары;

- ғылыми консультанттардың сөзі, шетелдік консультант болмаған жағдайда оның пікірін жариялау;

- ресми рецензенттердің сөздері. Ресми рецензенттердің біреуі жоқ болған жағдайда (дәлелді себептер бойынша) оның пікірін ғалым хатшы оқиды. Ресми рецензенттерге диссертациялық кеңестің қорғау отырысында on-line режимінде бейне-конференция түрінде сөз сөйлеуге рұқсат беріледі.

- докторанттың ресми рецензенттердің ескертулеріне жауабы мен олардың өтініштері мен ұсыныстары бойынша қорытындылары;

- бейресми пікірілер (бар болған жағдайда ғылыми хатшы жариялайды);

- диссертациялық кеңес отырысының қатысушылар пікір-сайысы;

- есептік комиссияның диссертациялық кеңес құрамынан 3 (үш) адамды таңдауы және жасырын дауыс беру;

- есептік комиссия төрағасының құпия дауыс берудің нәтижелері туралы сөзі, есеп комиссиясының хаттамасын бекіту;

- қорғау нәтижелерін жариялау;

- диссертациялық кеңестің диссертацияны қорғау негізінде қорытынды дайындау және қабылдау. Қорытынды ашық дауыс берумен, жай көпшілікпен қабылданады.

3.29. Диссертациялық кеңес келесі шешімдердің біреуін қабылдау үшін жасырын дауыс беруді жүргізеді:

- философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;

- философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту.

3.30. Докторанттың ғылым консультанты, тікелей басшысы немесе жақын туысқандары болып есептелетін диссертациялық кеңес мүшелері дауыс беруге қатыспайды.

Диссертациялық кеңестің шешімі, егер оған отырысқа қатысқан диссертациялық кеңес мүшелерінің 2/3 (үштен екісі) және одан көбі дауыс

	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ		
	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің диссертациялық кеңес туралы ЕРЕЖЕСІ	2019 жыл	бет. 13 из 20

берсе, оң қабылданды деп саналады. Егер оң шешімге отырысқа қатысқан диссертациялық кеңес мүшелерінің 2/3-інен (үштен екісінен) кемі дауыс берсе, теріс шешім қабылданады.

3.31. Теріс шешім қабылданған жағдайда диссертациялық кеңес диссертацияның осы Ереженің, Дәрежелер беру қағидаларының қандай талаптарына сәйкес келмейтіндігі көрсетілген қорытынды жасайды.

Диссертациялық кеңестің философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы қорытындысы университеттің интернет-ресурсында осы Үлгі ереженің 3.18-тармағының сәйкес орналастырылады.

3.32. Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы диссертациялық кеңесте докторлық диссертация қорғалғаннан кейін докторанттың аттестациялық ісін жинақтайды. Аттестациялық іс диссертациялық кеңесте кемінде 2 ай сақталады, содан кейін ол университет мұрағатына тапсырылады. Докторанттың аттестациялық ісінде мынадай құжаттар қоса беріледі:

- берік түптелген және электрондық тасымалдағыштағы диссертация;
- диссертация тақырыбы бойынша ғылыми жарияланымдар тізімі мен көшірмелері;

- жеке басын куәландыратын «құжаттың көшірмесі»;
- докторанттың авторға сілтемесіз алынған материалды қолдануына диссертацияны тексеру жөніндегі ҰМҒТСО анықтамасы. Мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын диссертация бойынша диссертацияның авторы мен дереккөзіне сілтеме жасамай бөтен материалды пайдаланғаны тексерілгені туралы Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының прокуратура органдарына және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне бағынысты әскери, арнайы оқу орындарында және (немесе) ғылыми ұйымдардағы комиссияның анықтамасы ұсынылады;

- ғылыми консультанттардың пікірлері;
- 2 (екі) ресми рецензенттің пікірі;
- осы Ережеге сәйкес нысан бойынша диссертациялық 3-қосымшаға Кеңес мүшелерінің келу парағы;

- диссертацияны қорғау жөніндегі диссертациялық кеңес отырысының толық көлемдегі бейнежазбасы және төраға мен ғалым хатшы қол қойған хаттамасы;

- докторантураның кәсіптік оқу бағдарламаларын меңгергені туралы транскриптің көшірмесі;

- осы Ережеге 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша докторант туралы мәлімет.

3.33. Диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы қорғалған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде мемлекеттік Ұлттық мемлекеттік ғылыми-

	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ		
	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің диссертациялық кеңес туралы ЕРЕЖЕСІ	2019 жыл	бет. 14 из 20

техникалық сараптама орталығына тіркеуге жібереді: диссертацияның қағаз түптеусіз және электронды тасымалдағыштарда түрінде, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі диссертациялық есептік карточкасының екі данасы, электронды тасымалдағыштағы жұмыстар тізімі (Word форматында).

3.34. Комитеттің немесе диссертациялық кеңестің теріс шешімі қабылданған диссертация қайта қорғауға осы Ереженің 3-тарауында белгіленген тәртіппен ұсынылады.

3.35. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежелерін беруден бас тартылған жағдайда, докторант диссертацияны алдыңғы қорғаудан кем дегенде бір жылдан кейін қайта қорғауға ұсынады. Докторант авторы мен дереккөзін көрсетпей бөтен материалды пайдаланған жағдайда (плагиат), диссертациялық кеңес қайта қорғау құқығынсыз теріс шешім қабылдайды.

3.36. Қайта қорғауға ұсынылған диссертация бойынша диссертациялық кеңес диссертацияда бұдан бұрын орын алған бұзушылықтар жойылу туралы қорытынды жасау үшін өз құрамынан 3 (үш) маманды тағайындайды. Қорытынды ЖОО интернет-ресурсында қорғауға кемінде 10 (он) жұмыс күні бұрын орналастырылады және қорғауда оқылады.

4 тарау. Апелляцияны өткізу тәртібі

4.1. Диссертациялық кеңестің теріс шешіміне апелляцияны докторант диссертация қорғалған ЖОО шешім шығарған күннен бастап 2 (екі) ай ішінде ректордың атына ерікті нысанда береді.

4.2. Диссертациялық Кеңестің шешіміне апелляцияны Қазақстан Республикасының азаматы не резиденті болып табылатын өзге тұлға немесе Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы диссертациялық кеңес және (немесе) докторант жіберген бұзушылықтар анықталған жағдайда, докторанттың диссертациясы мен жарияланымдарының Дәрежелерді беру қағидаларына сәйкес бере алады.

4.3. Апелляцияда келесі мәліметтер болуы керек:

- апелляция берушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)/ ұйымның атауы заңды тұлға берген жағдайда, ЖСН, апелляция беруші мекен-жайы, диссертациялық кеңес және (немесе) докторант жіберген анықталған бұзушылық туралы мәліметтер;

- философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесі берілген тұлғаның дербес деректері, диссертация тақырыбы, қорғау күні және диссертациялық кеңес туралы мәліметтер;

- диссертациялық кеңес және (немесе) докторант жіберген анықталған бұзушылық туралы мәліметтер, растайтын құжаттарды міндетті түрде қоса бере отырып, бұзушылық дәлелдері.

4.4. ҒКДАБ философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру мәселелері бойынша дауларды сотқа дейін реттеу үшін апелляция берілген күннен бастап 1 (бір) ай ішінде құрамында университеттің

	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ		
	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің диссертациялық кеңес туралы ЕРЕЖЕСІ	2019 жыл	бет. 15 из 20

Ғылым және инновациялық қызмет жөніндегі департаментінің (ҒИҚД) 2 (екі) өкілінен және ғылыми кеңесшілер, рецензенттер, диссертациялық кеңес мүшелері немесе диссертация бойынша сарапшылар болып табылмайтын тиісті мамандық бойынша 3 (үш) ғалымнан тұратын апелляциялық комиссия құрады. Апелляциялық комиссияның құрамына төраға мен хатшы тағайындалады.

Апелляциялық комиссия өз қызметінде осы Ережені және Дәрежелерді беру қағидаларын басшылыққа алады. Комиссия аттестаттау ісінің материалдарын қарайды және ол құрылған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде апелляция нәтижелері бойынша қорытынды дайындайды.

4.5. Апелляциялық комиссияның қорытындысын ашық дауыс беру негізінде комиссия мүшелері жай көпшілік дауыспен қабылдайды және оған комиссияның барлық мүшелері қол қояды. Дауыстар тең болған жағдайда апелляциялық комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

4.6. Апелляциялық комиссияның шешімі, егер апелляциялық комиссияның отырысына 5 (бес) адамнан кемінде 4 (төрт) адам қатысқан болса, апелляциялық комиссияның төрағасын қоса алғанда, жарамды деп есептеледі.

4.7. Апелляциялық комиссияның шешімі қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде апелляция берген докторантқа немесе өзге тұлғаға хабарланады және университеттің интернет-ресурсында орналастырылады.

5 тарау. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесінен айыру

5.1. Философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесі Дәрежелерді беру қағидаларының 5, 6, 7-тармақтарында белгіленген критерийлерді бұза отырып берілген тұлғалар апелляциялық комиссияның ұсынысы негізінде ҚазҰУ Ғылыми кеңесінің шешімімен осы дәрежелерден айырылуы мүмкін.

5.2. Дәрежесінен айыру туралы өтінішті Қазақстан Республикасының азаматы немесе резиденті болып табылатын жеке тұлға немесе Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесі тағайындалғаннан кейін 10 (он) жыл ішінде бере алады және онда мынадай мәліметтер болуға тиіс:

- өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)/өтінішті заңды тұлға берген жағдайда ұйымның атауы, ЖСН, өтініш берушінің мекенжайы, диссертациялық кеңес және (немесе) докторант жіберген анықталған бұзушылық туралы мәліметтер;

- философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесі берілген тұлғаның дербес деректері, диссертация тақырыбы, қорғау күні және диссертациялық кеңес туралы мәліметтер;

	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ		
	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің диссертациялық кеңес туралы ЕРЕЖЕСІ	2019 жыл	бет. 16 из 20

- диссертациялық кеңес және (немесе) докторант жіберген анықталған бұзушылық туралы мәліметтер, растайтын құжаттарды міндетті түрде қоса бере отырып, бұзушылық дәлелдері.

5.3. Философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесінен айыруды қарастыру тәртібі осы Ереженің 4.4, 4.5, 4.6, 4.7 тармақтарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

5.4. Шешімді апелляциялық комиссияның қорытындысы қабылданған күннен бастап 2 (екі) ай ішінде ҚазҰУ Ғылыми кеңесі бекітеді. Философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесінен айыру туралы бұйрық қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде университеттің интернет-ресурсында жарияланады.

5.5. Осы Ережемен реттелмейтін, оның ішінде философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін беруден, апелляцияға беру мерзімін қалпына келтіруден бас тарту мәселелері бойынша даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген сот тәртібінде шешіледі.

	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ		
	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің диссертациялық кеңес туралы ЕРЕЖЕСІ	2019 жыл	бет. 17 из 20

**Әл-Фараби атындағы
ҚазақҰУ диссертациялық
кеңес туралы Ережесінің
1-қосымша**

Нысан

Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп

(ЖОО атауы)

жанындағы _____ мамандықтары
(кадрларды даярлау бағыты) бойынша диссертациялық кеңес

Есепте мынадай мәліметтер бар:

1. Өткізілген отырыстар саны туралы деректер.
2. Өткізілген отырыс санының жартысынан кемінде қатысқан кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда).
3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.
4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:
 - 1) қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау;
 - 2) диссертация тақырыбының "Ғылым туралы" Заңының 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарына және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;
 - 3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.
5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).
6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.
7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесіне ізденушілердің мамандықтар (кадрларды даярлау бағыты) бойынша қаралған диссертациялар туралы деректер:
 - 1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);
 - 2) қорғаудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);
 - 3) ресми рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);
 - 4) қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының).

Диссертациялық кеңестің
төрағасы _____

(қолы, аты-жөні және тегі)

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы _____

(қолы, аты-жөні және тегі)

	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ		
	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің диссертациялық кеңес туралы ЕРЕЖЕСІ	2019 жыл	бет. 19 из 20

**Әл-Фараби атындағы ҚазақҰУ диссертациялық кеңес туралы
Ережесінің
3-қосымша**

Нысан

Диссертациялық кеңес мүшелерінің келу парағы

20__ жылғы " __ " _____ диссертациялық кеңестің отырысы, хаттама № __

Докторант _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

_____ мамандығы (кадрларды даярлау бағыты)

бойынша диссертациясының қорғауы

Диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)	Дәрежесі	Отырысқа қатысуы (қолы)
1	2	3

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы _____
(қолы, аты-жөні және тегі)

	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ		
	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің диссертациялық кеңес туралы ЕРЕЖЕСІ	2019 жыл	бет. 20 из 20

**Әл-Фараби атындағы ҚазақҰУ диссертациялық кеңес туралы
Ережесінің
4-қосымша**

Нысан

Докторант туралы мәлімет

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

1	Туған күні және жері, азаматтығы, ұлты		
2	Докторантурада оқығаны туралы ақпарат (ЖОО және оқу мерзімі)		
3	Докторантура мамандығы		
4	Диссертацияның қорғалған орны және күні		
5	Диссертацияның тақырыбы және жазылған тілі		
6	Ғылыми консультанттар (Т.А.Ә. (ол болған жағдайда), лауазымы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, азаматтығы)		
7	Ресми рецензенттер (Т.А.Ә. (ол болған жағдайда), лауазымы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, азаматтығы)		
8	Жарияланымдар саны, барлығы, оның ішінде:		
	Комитет ұсынатын басылымдарда		
	Web of science (Вэб оф Сайнс) және Scopus (Скопус) базасындағы шетел басылымда		
	халықаралық конференция материалында, оның ішінде: шетелдік конференция материалында		
9	Еңбек жолы		
Қабылдау мерзімі	Босату мерзімі	Жұмыс орны, лауазымы	Мекеменің мекен-жайы
10	Мекен-жайы, байланыс деректері		

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы _____
(қолы, аты-жөні және тегі)

Мөр Мерзімі 20__ жылғы " __ " _____